

## №1 педагогикалық кенес.

**МКҚК «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2021-2022 оқу жылындағы №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы.**

Откізілу мерзімі: 27.08.2021ж

Катысқандар саны: 18.

**Тақырыбы:** Мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы. (Сараптама)

### **Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне талдау жасау.

«Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту.

2. ҚРБЖФМ үлгілік оқу бағдарламасы №499 бұйрығының мақсат міндеттерін талқылау.
3. Әр топтың 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспарымен, топтардың жас ерекшелігіне қарай ұйымдастырылған оқу қызметінің кесетесімен , күн тәртібімен таныстыру және бекіту.
4. Вариативтік оқу қызметтерін талдау, бекіту.

### **Тыңдалды:**

1. «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2021-2022 оқу жылының алғашқы пед кеңесі жургізілді. Балабақша менгеруші П. Жуніс жаңа оқу жылымен педагогтарды құттықтап, бүгінгі педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып отті.

Бірінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру кезеңіне балабақша әдіскері Н. Тожиева талдау жасады. Жаз мезгілі баланың денсаулығын нығайтып, ағзасын шынықтырып кейір бала бойындағы кемшіліктерден арылуға көмектесетін ең тиімді кезең. Тәрбиешілер жаздың шуакты күндерін барынша тиімді пайдаланды. Ол үшін алдын ала жоспар құрылып, бірнеше жиналыс отырысында талқыланды. Биылғы жылғы жазғы сауықтыру шаралары «Балдәурен» ересек тобы үшін өзгешерек болды. Себебі, 1-маусымнан бастап жаңадан 4-6 жас аралығындағы тәрбиеленуші балабақшаға қабылданды. Тәрбиешілердің алдында жазғы сауықтыру шараларымен қоса баланың балабақшаға бейімделуін дұрыс әрі тиімді ұйымдастыру міндеттері түрді. Баланың балабақшаға бейімделуі қызықты әрі женіл өтуі үшін үстел үсті ойындарын ойнадық. Жаз туралы тақпактар, мақал – мәтелдер, жұмбақтар жаттадық. Күнделікті балалармен тақырыптық суреттер көріп сөйлеу қабілеттерін дамытуға көмек бердік. Балалармен дидактикалық, қимылды – қозғалысты, желілі-рөлдік ойындар ойнатылды. Бұл ойындар балалардың қызығушылығын арттырып бейімделуін женілдетеді. Қортындылай айтқанда жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық түргыда дамытуға септігін тигізетін жағдайлар жасалды.

2. Екінші қаралатын мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыруды. 2021-2022 оқу жылында алға қойған мақсат міндеттерімен педагогтарды таныстыруды. «Денсаулық» білім саласында денсаулығы мықты, дene бітімі дамыған баланы тәрбиелеу, тәрбиеленушілердің бойында өз денсаулығына саналы түрде қарауды қалыптастыру. «Қатынас» білім саласында балалардың ауыз екі сөйлеуін, өмірде түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру. «Таным» білім саласында баланың жеке тұлғасын қоршаған әлеммен өзара іс – әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту. «Шығармашылық» білім саласында шығармашылық қабілеттерді, сезімдік-эмоционалдық саланы, қиялды, ойлауды, көркем талғамды дамыту. «Әлеумет» білім саласында балаларды мәдени- әлеуметтік нормаларға, отбасы мен қоғам дәстүріне баулу.

Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылықта тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың мектепте окуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері: баланың өмірін қорғауды және деңсаулығын нығайтуды және олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта куру, мектепке дейінгі білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі үйым, мектеп пен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастырының қажеттілігін қанағаттандыру.

Бағдарлама мазмұны: 1) күтілетін оқыту нәтижелері турінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуғе; 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабактастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге; 3) бастауыш білім беру үйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тәң бастапқы мүмкіндіктерді жасауға; 4) қымылды, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік және дағдыларын, өз бетінше үрену дағдыларын соның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыруға; 5) тәрбие мен оқытудың психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға; 6) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оку қызметіне дайындыққа; 7) "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шенберінде ұлттық салтдәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген руханиадамгершілік дағдыларды қалыптастыруға; 8) креативтілікті, коммуникабелідікті, сынни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

5. Әрбір білім беру саласындағы күтілетін нәтижелер жартыжылдықтар бойынша берілген. 6. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады: 1) бебек жасы – 0-3 жас: нәрестелік жас – туғаннан бастап; ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы); кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ); 2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас: орта жас – 3 жастан бастап (ортанғы топ); ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ); мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сынныбы).

1) бебек жасы – 0-3 жас:

нәрестелік жас – туғаннан бастап;

ертеде жас – 1 жастан бастап (ертеде жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

ортада жас – 3 жастан бастап (ортанғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сынныбы).

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева 2021-2022 оку жылына арналған «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздаға № 499 бүйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиен мен оқытудың үлгілік

бағдарламасына сәйке әр топтың жас ерекшеліктерін ескере келе, тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын игеруге байланысты, әр топтардың жасына қарай ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесімен, күн тәртібімен педагогтарды таныстырып, оны бекітуге балабақша менгерушісі Н. Тожиева ұсынды.

5. Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева вариативтік оқу қызметтерін талдау және бекіту туралы айттылды. Вариативтік компонент ортанғы топтардан бастап жүргізіледі алтасына 1- сағат- Ұлттық тәрбие . Ерексек топта 2-сағат; 1- сағат Ұлттық тәрбие, 1-сағат ертегілер елінде. Мектепалды даярлық тобында 3-сағат; 1-сағат- Ұлттық тәрбие, 1-сағат Шашу, 1-сағат – Ойнайық та ойлайық болып бекітіліп ұсынылды.

#### Жиналыс қаулы етеді:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне жасалынған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары бекітілп, жұмыстар жүргізілсін.
3. ҚРБжГМ үлгілік оқу бағдарламасы №499 бүйрекшіның мақсат міндеттері ұжымда стандарт талаптарына сай жүргізілсін.
4. Әр топтың 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспары, топтардың жас ерекшелігіне қарай ұйымдастырылған оқу қызметінің кесетесі, күн тәртібі бекітілсін.
5. Вариативтік оқу қызметтерін бекітіліп, тәрбиешілерге жүктелсін.

«Бұлдіршін» б/б менгерушісі:  
Хатшы:

П. Жұніс  
Н. Абу



## №2 педагогикалық кеңес.

**«Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасыныңда 2021-2022 оку жылындағы №2 педагогикалық кеңестің хаттамасы.**

Откізілу мерзімі: 15.11.2021ж

Қатысқандар саны: 18.

**Тақырыбы:** Ойын технологиясы арқылы мектепке дейінгі балалардың сөйлеу құзыреттілігін байту. (Дәнгелек үстел)

### **Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда диологтық сөйлеуді дамыту.
2. «Ерте және кіші жастағы балалардың сөйлеу дамуын ынталандыру» тақырыбында баяндама.
3. «Балалардың тілдік дамуына ықпал ететін топтарда жағдай жасау» атты байқау конкурсының қорытындысы.

### **Тыңдалды:**

1. МКҚК «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2021-2022 оку жылының №2 пед кеңесі жүргізді. Балабақша менгеруші П. Жұніс бірінші педагогикалық кеңестің шешіміне талдау жасай отырып, откізілетін пед кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстыруды. Бұғынгі педагогикалық кеңесте тәрбиеші Абу Нұрсұлу Алтынбекқызының «Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда диологтық сөйлеуді дамыту» баяндамасы тыңдалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасында «Коммуникация» негізгі білім беру саласына кіреді. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны-сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет үйімдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. «Коммуникация»

білім беру саласының мазмұны баланың тілін дамытуды, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруды, белсенді және пассивті сездік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, баланың байланыстырып сөйлеуін басқа білім салаларымен кіріктіру арқылы жетілдіруді қамтамасыз етеді. Сөйлеу қабілеті – бұл барлық әрекеттің жүзеге асуының негізгі құрамдас бөлігі және алғашқы шарты болып табылады. Мектепке дейінгі үйімда баланың сөйлеу тілін белсенді дамыту тек қана арнайы дайындалған оқу қызметіндеға емес, басқа күн тәртібі кезінде, баланың балабақша ішінде болған барлық уақытында жүзеге асуы керек. Бала күнделікті таңертең балабақша келгенде топта баламен күнделікті түрмиста орын алатын жағдайлар туралы әңгімелесуге болады. Балалар өздерінің жасаған әрекеттің, өздерінің белсенді сәттерін, өздеріне қызықты болған жағдайларды белсенді айтуда тырысады. Ата – аналарға арналған баланың сөйлеу тілін дамытуда тиімді әсер ететін кеңестермен бөлісейік:

- 1.Бала мен туа салысымен эмоционалдық қарым – қатынас орнату керек.
2. Балаға басқа балалармен, құрдастарымен сөйлеу арқылы қарым – қатынаска түсуге жағдай жасау керек.
3. Ересектердің сөйлеуі баланың сөйлеу тілінің қалыптасуына түрткі әсер болады, сондықтан баламен анық, нақты сөйлесу керек.
4. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту – баланың сөйлеу тілінің дамуына оң әсер етеді.
5. Бала мен ересек адамның (ата – аданың) бірлескен ойындары, сөйлеу тілін дамытуудың тиімді әдісі саналады.

6. Балаларға арналған көркем-әдеби шығармаларды, балалар әдебиетін оқып беру, тақпак, өлең – шумақтарын жатқа айтқызу.
7. Баланың ортаға деген барлық қызығушылықтарын қанағаттандыру, «Неге?» деген сұраққа балаға үнемі жауап қайтару.
8. Баламен бірге табиғатка серуендеу, саяхатқа шығу және мұражайлар мен тарихи жерлерді таныстыру.

2. Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Коршабаева Айнұр Тенизбаевнаның «Ерте және кіші жастағы балалардың сөйлеу дамуын ынталандыру» тақырыбында баяндамасы тындалды. Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты – жас үрпақтың ой – өрісін, сана сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім — дағдыларға үйрету. Өйткені, баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі – тіл болып табылады. Ал тілдің дамуы оның сана – сезімін, ой – өрісін жетіле түсуіне негіз болады. Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрбылас балалармен белсенді түрде сөздік қарым – қатынас жасайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып, ерте жастағы балалардың сөздерін анық дыбыстап, қоршаған ортаға байланысты сөздік корларын дамыттып, сөйлеу мәдениетін қалпына келтіру, тілдік қатынасқа түсерде қиналмай анық дыбыстап, өз ойын айқын жеткізуге ынталандыру. Ерте жастағы (1-3 жастағы) балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеру әдістемелерін іріктеу, оларды өңдеу. Әдістемелерді еткізуғе қажетті дидактикалық материалдарды жинақтау, дайындау. 2 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшелігін анықтау. «Балапан» кіші тобында жыл басы диагностика қорытындысы бойынша «Коммуникация» білім беру саласы бойынша төменгі деңгейде 75% көрсетті. Ал, қазір жыл ортасы диагностика қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 61%-ке азайды да, 14%. Бұл дегеніміз жыл басында 14 бала төмен дейгейді көрсеткесе, қазір тек 3 бала төмен деңгейді көрсетпіп отыр. Олар: Нишон Айсұлтан, Ешмаханбет Нұрислам, Құдайбергенқызы Диана. Жыл басында диагностика қорытындысынан кейін, біз балалардың тілін анықтап, сөзін дамыту үшін мынандай көркем әдебиеттер мен әдістемелерді талдаپ, жаттадық.

3. «Балалардың тілдік дамуына ықпал ететін топтарда жағдай жасау» атты байқау конкурсының қорытындысы бойынша балабақша менгерушісі П. Жұніс қорытынды талдау жасады. Баланың тілін дамытуда ертегілер, танымдық ойыншықтар басты рөл атқарады. Сөйлеудің басты және негізгі өлшемі қарым-қатынас құралы ретінде коммуникативтік қызмет атқарады. Бала әлеуметтік қарым-қатынасқа түсude ақпарат алысады. Тілдің коммуникативтік қызметінің бұл аспектілерін мектеп жасына дейінгі балалар белсенді менгертеді. Осы орайда үйымдастырылған байқау конкурс қорытындысы бойынша «Балдәурен» ересек тобының тәрбиепісі Г. Қамбарова мен «Балдырган» ортаңғы тобының тәрбиешісі М. Жусипова жақсы жұмыс жүргізген.

#### **Жиналыш қаулы етеді:**

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда диологтық сөйлеуді дамыту жұмыстары жандандырылсын
2. «Ерте және кіші жастағы балалардың сөйлеу дамуын ынталандыру» тақырыбындағы тәрбиеші Абу Нұрсұлудың баяндамасы қанағаттанарлық.
3. «Балалардың тілдік дамуына ықпал ететін топтарда жағдай жасау» атты байқау конкурсының қорытындысы бойынша балабақша тәрбиешісі Г. Қамбарова мен М. Жусипова балабақша менгерушісінің марапатына үсынысын.

**«Бұлдіршін» б/б менгерушісі:  
Хатшы:**



**П. Жұніс  
Н. Абу**

### №3 педагогикалық кенес.

МКҚҚ «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы №3 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 17.01.2022ж

Катысқандар саны: 18.

**Такырыбы:** Денсаулық сақтау арқылы МДҰ да білім бер үдерісі жүйесінде СӨС жағдайын жасау. (Дөңгелек үстел)

#### **Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың СӨС әдетін қалыптастыру» анықтама (тамақтану ережелері, дene жаттығуларының тыныс алу)
2. Мектепке дейінгі жастағы балалармен күн тәртібінде сауықтыру жұмыстарын үйымдастыру.
3. МДҰ – да дәстүрлі және инновациялық денсаулық сақтау технологияларын пайдалану. (баяндама)
4. 2021-2022 оқу жылының аралық мониторинг қорытындысы.

#### **Тындалды:**

1.МКҚҚ «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2021-2022 оқу жылының №3 педагогикалық кеңесі жүргізді. Балабақша менгеруші П. Жұніс екінші пед кеңестің шешіміне талдау жасай отырып, откізілетін пед кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстыруды. Бұгінгі педагогикалық кеңесте алдымен тәрбиешілердің «Мектепке дейінгі жастағы балалардың СӨС әдетін қалыптастыру» анықтамалары ережелері, дene жаттығуларының тыныс алу туралы тындалды. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы, ас ішү мәдениетімен таныстырып отыру, қасық, орамалды дұрыс пайдалануды үйрету, асты сөйлемей ішү, астан соң беті-қолды жуу.

Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйретіп дағдыландыратындықтарын айтты.Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінездүлік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлағандықтарын жеткізді.

2. Екінші мәселе бойынша топтардың күн тәртібінің сауықтыру жұмыстарын үйымдастыру туралы тәрбиешілердің пікірі тындалды. Дұрыс үйымдастырылған «күн тәртібі», бір жағынан ата-анаға өз уақытын ұтымды бөлуге көмектессе, екінші жағынан отбасында тәрбиелеу-білім беру процесін және оның әр саласын (адамгершілік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, еңбек тәрбиесі және т.б.) дұрыс үйымдастыруға көмектеседі. Сонымен, «күн тәртібін» сақтап әрекет ету сауықтыру іс-шараларын (серуен, шынықтыру шаралары, үйқы, дем алу т.б.) өз уақытында үйымдастыруға; балаларда өз бетімен әрекет ету, еңбек сүйгіштік, белсенділік, басқаны білуге, өз іс-әрекетінің нәтижесіне жетуге талпыну, мейірімділік, қамқорлық, сыйласымдылық, ойнай білу, өмір сүре білу және т.б. күнделікті қарапайым іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін олардың күн барысындағы әр түрлі іс-әрекеттерін (ойын, еңбек, оқу) тиімді үйымдастыруға көмектеседі. «Күн тәртібінің» нақты, айқын болуы балаға өміп-рлік қажетті дағды мен іскерліктерді (жинақылық, ұқыптылық, уақытты тиімді пайдалану және т.б.) менгеруге көмектеседі. Күн тәртібінің әр түрлі іс-әрекетте баланың қажеттілігін қанағаттандыра отырып, олардың алдағы іс – әрекетке деген қызығушылығын, белсенділігін, яғни ақыл-ойы дамуын жеделдететінін әсте ұмытпаңыз. Күн тәртібін сақтауды қамтамасыз ететін шарттардың үнемі болуы балада мінез мәдениетін тәрбиелеуге, жинақтаған іскерліктері мен дағдыларын бекітуге де мүмкіндік береді. Баланың денсаулығы жақсы болуы және қалыпты, дұрыс дамуы үшін күн тәртібінің барлық жас кезеңдерінде сақталғаны дұрыс. Күн тәртібі балалардың жас

ерекшелігін есепке алып құрылуы тиіс. Жалпы күн тәртібін құрудың негізгі принциптері әр түрлі жастағы балалар үшін ортақ болып табылады. Әр түрлі жастағы балалар үшін күн тәртібін дұрыс үйымдастыру дегеніміз балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке алу және сол жас кезеңіне сәйкес тиісті педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдана білу деген сөз. Әр түрлі жас кезеңдеріне байланысты күн тәртібінің орындалуының дұрыс болуы, оның балаларға сауықтырушылық және тәрбие берушілік әсерінің нәтижелі болуы, көпшілік жағдайда ата-аналардың педагогтардан, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінен тиісті кеңес алып, тығыз байланыста болуына байланысты.

3. «МДҰ – да дәстүрлі және инновациялық денсаулық сақтау технологияларын пайдалану» тақырыбында тәрбиеші Құрманбаева Ұлжанның баяндамасы тындалды. Мектепке дейінгі үйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын үйымдастыру мен бала денсаулығын шындаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады. Балабақшада оқу - тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындаған мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын - алуда тек қана баланың қымыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн. Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ үйымдастырган өте ұтымды болады. Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (урей, жылау, мазасыздық) тудыrmайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет етеді.

4. Төртінші мәселе бойынша топтардағы аралық мониторинг қорытындысын жасау, талқылау бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева 2021-2022 оку жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының аралық бакылау нәтижелері бойынша қорытынды талдау жасады. Барлық топтар бойынша I -денгейде 23 бала. Яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 6%, II -денгейде 21 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 16%; III -денгейде 34 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 18% құрап отыр. Бұл дегеніміз балалармен әліде жұмысты жандандыру керек деген сөз. Орта, жоғары деңгейге балаларды көтеру керек әліде.

#### Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың СӨС әдетін қалыптастыру; тамақтану ережелері, дene жаттығуларының тыныс алу жұмыстары жандандырылсын.
2. Мектепке дейінгі жастағы балалармен күн тәртібінде сауықтыру жұмыстарын үйымдастыру қанағаттанарлық деп танылсын.
3. «МДҰ – да дәстүрлі және инновациялық денсаулық сақтау технологияларын пайдалан» тақырыбындағы тәрбиеші Ұ. Құрманбаеваның баяндамасы бұқаралық ақпарат беттеріне жариялансын.
4. 2021-2022 оку жылының аралық мониторинг қорытындысы бойынша топтарда балалармен түзету іс – шараларын жүргізу топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

«Бұлдіршін» б/б менгерушісі;  
Хатшы:

П. Жұніс  
Н. Абу



## №4 педагогикалық кенес.

МКҚК «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасыныңда 2021-2022 оқу жылындағы

### **№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы.**

Откізілу мерзімі: 17.03.2022ж

Қатысқандар саны: 18.

**Тақырыбы:** Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар. (Кенес)

#### **Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. «Балалардың креативті ойлауын қалыптастыру» (баяндама)
2. Шебер сынып: «Ойын арқылы балалардың ой -өрісін дамыту»
3. «Көркем шығармаларды балалардың бойында адамгершілік және Отан сүйгіштік қасиетін дамытуда, пайдалану жолдары» тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындысы.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін, ертеңгіліктерді карау.

#### **Тыңдалды:**

1. МКҚК балабақша менгеруші П. Жұніс үшінші педагогикалық кеңестің шешіміне талдау жасай отырып, өткізілетін педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстыруды. Бұгінгі пед кеңесте алдымен әдіскер Н. Тожиеваның «Балалардың креативті ойлауын қалыптастыру» тақырыбында баяндамасы тыңдалды. Бұгінгі танда білім беру мазмұнын жаңартудың іргелі қағидаларының бірі - балалардың креативтік қабілеттерін дамытуды, шығармашылық іс-әрекеттің қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, олардың білімін даралауды көздейтін жеке бағдарлау. Жеке бағдарлау үшін топтағы шығармашылық іс-әрекеттің мақсатқа сай болуы үшін білім беру процесінің сипатын, балалардың іс-әрекетінің әдістерін, тәрбиеленуші мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас стильдерін, педагогикалық іс-әрекетінің стилін өзгерту қажет.

2. Екінші мәселе пед кеңесте балабақша әдіскері Н. Тожиева педагогтармен «Ойын арқылы балалардың ой-өрісін дамыту» тақырыбында шебер-сынып ұйымдастыруды. Шебер-сыныптың мақсаты: Педагогтарға оқу қызметінде ойын элементтерін тиімді пайдалану жолдарынан, балалардың оқу қызметтері бойынша жетістіктерін анықтау жолында ойын турлерін жүргізу және ұйымдастыру тәртібі туралы мағлumat беру.

Шебер сыныптың барысы: «Шебер-сыныптың» мақсаты педагог мамандардың біліктілігін, іскерлігін, кәсіби шеберлігін анықтауға және өзара тәжірибе алмасу.

Шебер сынып 6 бөлімнен тұрады.

1-бөлім: Әдістемелік-тақырыптың тақырыбы, мақсаты, міндеттері

2-бөлім: Әдістемелік-тақырып бойынша даму жоспары

3-бөлім: Ойын технологиясы туралы

4-бөлім: пәндер бойынша ойын түрлері

5-бөлім: «Пирамида» ойыны

6-бөлім: Қорытынды

«Мектеп – кеме, білім – теңіз. Баар жерге тез жетеміз» дегендегі балалармен тығыз қарым-қатынаста, байланыста болып, олардың өздігінен білім алғысы үшін үнемі оқу қызметтің құрылышын түрлердіріп, ойын технологиясын пайдалану арқылы балалардың қызығушылығын оқу қызметтерімізге аударсак, көздеңген мақсатымызға жетеміз және де нәтижелі жұмысқа қол жеткіземіз. Яғни, басқаларды үйрете жүріп, өзіміз үйренеміз.

Жарыс сөзге шыққан балабақша педагогтары: Ералиева Пернеш, Абдурахманова Шолпан, Асылбекова Феруза бүгінгі шебер-сынып өте қызықты ұйымдастырылып өткендігін ашық айтты.

3. Ушінші мәселе «Көркем шығармаларды балалардың бойында адамгершілік және отан сүйгіштік қасиетін дамытуда, пайдалану жолдары» тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша балабақша менгерушісі П. Жұніс рухани – адамгершілікке тәрбиелу.

**Міндеттері:**

1. Ертегілер, әңгімелер, өлеңдер тыңдал, шығармалардың мағынасын түсініп, адамгершілік нормалары туралы түсініктерін қалыптастыру.
2. Көркем әдебиет шығармаларына деген қызығушылықтарын арттыру.
3. Балалардың отбасына, жақындарына, құрбы - достарына, жалпы адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелу;

Адамгершілік тәрбиесінің басқа тәрбие салаларына қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Ол қоршаған ортаға, қоғамдық қарым - қатынасқа, рухани байлыққа байланысты.

Осы орайда «Балдәурен» ересек тобында ертегіні тыңдал, сол ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, соның көңіл-күйін образ арқылы бейнелеп берді. Ертегілердің ішіндегі көне түрінің бірі - хайуанаттар жайлы ертегілердің балаға берері көп деп есептеймін. Адамды қоршаған табиғаттың әрбір бөлшегі соның тыныс – тіршілігі қызықты әрі жұмбақ. Тәрбиеші Жусипова Мадина ұйымдастырылған оку қызметінде: - Кім, хайуанаттар, еңбек және өнер жайында ертегілер біледі? - деген сұрақтар қойып, ойын түрінде өткізді. Тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша «Балауса» ересек тобы мен «Балапан» ортаңғы топтары жақсы дайындық жүргізген.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша педагогтарының ашық ұйымдастырылған оку қызметтерін, ертенгіліктерді қарau бойынша талдау жұмыстары жүргізілді. «Балдырған» ортаңғы тобының Жамашова Жадыраның «Біздің өлкеде кездесетін жабайы аңдар» тақырыбындағы оку қызметінде өлжемізде кездесетін жабайы аңдар мен олардың төлдері туралы білімдерін кенектіп, аңдарға деген қамқорлық сезімдерін оятты. «Балаларын ата» дидактикалық ойындарын ұйымдастырып, балаларды 3-топқа бөліп шығармашылық жұмыстар жүргізді.

«Балауса» ересек тобының тәрбиешісі Қоршабаева Айнұрдың «Дыбыстармен танысу» оку қызметінде «сөз», «дыбыс», «әріп» туралы түсініктерін қайталап, қаламды дұрыс ұстауға және ұзын кисық таяқшаларды жазуға үйретті. «Дұрыс жаз» дидактикалық ойынын ойнатып, «Кел ойнайық» сергіту сәті жасалды.

Саз жетекшісі Әділхан Балнұрдың «Аэробика жаттығулары» оку қызметінде балалар музыка әуенімен бірге аэробикалық қимылды жаттығулар жасап, «До-ре-ми» әуенімен сергіту сәті жасап корытынды жасалды.

«Балдырған» ортаңғы тобының тәрбиешісі Сейдаханова Гулназдың «Коянмен танысу» оку қызметінде қоянның суретін көрсете отырып, қайда тіршілік ететінін, құлағы неге ұзын екенін, қалай секіретіні жайлы айттып, «Коянды тамақтандыру» деген ойынын ойнады. Осы оку жылында ұйымдастырылған ертенгіліктер өз деңгейінде аталып өтіп, ата- аналар алғысын алуда.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. «Балалардың креативті ойлаудың қалыптастыру» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Ойын арқылы балалардың ой -өрісін дамыту» тақырыбындағы шебер сынып өз деңгейінде ұйымдастырылды, әлеуметтік желелерге жарияланды.
3. «Көркем шығармаларды балалардың бойында адамгершілік және отан сүйгіштік қасиетін дамытуда, пайдалану жолдары» тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша жұмыс жүргізілмеген топтар жұмыстарын жалғастырысын.

4. Ашық ұйымдастырылған оку қызметтерін, ертеңгіліктердің жүргізілуін қадағалау  
балабақша әдіскері Н. Тожиеваға жүктелін

«Бұлдіршін» 6/б менгерумісі.  
Хатшы:



Н. Жұніс  
Н. Абу

№5 педагогикалық кеңес.

**МКҚК «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2021-2022 оку жылындағы №5 педагогикалық кеңестің хаттамасы.**

Откізілу мерзімі: 23.05.2022ж

Катысқандар саны: 18.

**Тақырыбы:** «Оку жылындағы балабақшада атқарылған жұмыстардың нәтижесін талдау»  
корытынды кеңес.

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. Оку жылында орындалған тәрбиешілердің есебі.
2. 2021-2022 оку жылының корытындысы бойынша анықтама.
3. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырып, бекіту.

**Тындалды:**

1. МКҚК «Бұлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2021-2022 оку жылының №5 педагогикалық кеңесі жүргізілді. Балабақша менгеруші П. Жұніс откізілетін педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырыды. Бірінші мәселе бойынша балабақша «Балдырған» ортағы топ тәрбиешісі Ералиева Пернештің оку жылында орындалған есебі тындалды. Жыл бойына балалар жасына сәйкес бағдарламалық материалдарды оқыған және дамудың барлық бағыттары бойынша оң динамикалық көрсеткіш көрсетті. Барлық балалар бақшага жақсы биімделді. Сапалы тәрбие жұмыс откізу үшін әртүрлі әдістерді қолданды; ойын, үлкендерден үлгі алу, табиғат объектілері, заттық әлемі. Жыл бойы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдайлар жасалды. Балаларды жеңіл киіммен жүрүді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша, дene шынықтыру жаттығуларына, қымылды ойындарға қызығушылығын көрсетуге үйреткенін айтты.

«Балдырған» ортағы тобының тәрбиешісі Ералиева Пернеш өзінің жылдық есебінде көп көңілді балалардың табиғат бөліміне аудырылды. Құстар, үй жануарлары, жабайы андарды ажыратса білуге дағылданырғандығын айтты.

«Балапан» кіші тобының тәрбиешісі Жамбулова Шолпан есебінде айналамен таныстыру жұмысын жүйелі жүргізгендігін айтты. Біз қоршаға ортаның жақын нысандарымен балаларды таныстырық. Әлеуметтік өмірдің құбылыстарымен, үлкендердің еңбегі туралы мағлұмат бергенін, нәтижесінде барлық балалар әртүрлі ойыншықтар, жиһаздар, киім -кешек, ыдыс-аяқ, көкеністер мен жеміс- жидек , көліктер атауын біледі. Басқада тәрбиешілер де өз есебін берді.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева 2021-2022 оку жылының корытындысы бойынша анықтама. Ұйымдастырылған оку іс -әрекеттерінде баланың жеке белсенділігін дамытты. Тәрбиеші –педагог ұйымдастырылған әрбір оку іс-әрекетінде әр жеке тұлғаның іс-әрекет белсенділігін арттыруға көніл бөлуі ;

- заттар мен ойыншыктарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етілді;  
- ойын іс- әрекетінде , дene жаттығуларын орындауда , музыка ырғағымен қымыл жасау жағдайын қамтамасыз етілді ;  
-сөйлеу, сенорлық, танымдық, эстетикалық дамуына жағдай жасау;  
-тәрбиелеу мен оқыту процесін дербестендіруді қамтамасыз ету;  
-әр балага жеке білім беру бағытын әзірлей білу ;  
-баланың дene дамуындағы проблемаларды анықтап, оның әрі қарай даму перспективасын жобалай білу;  
\*инновациялық ақпараттық –коммуникациялық технологиялар элементтерін енгізе отырып, бала дамуына ықпал етілді;  
«Катынас» және «Шығармашылық » білім салаларында білім алу құзіреттілігін қалыптастырылды

\* «Катынас» білім беру саласы арқылы балалар әрекетінің әртүрлі нысандары мен түрлерінде ауызша және байланыстырып сөйлеуді , шығармашылық сөйлеу әрекетін дамытуды ; тілдің грамматикалық жағын қалыптастыруды , мемлекеттік , орыс , ағылшын тілдерін дамытуды қамту .

«Катынас» білім беру саласының мазмұны ересектермен және балалармен еркін араласу дағдыларын дамытуға ; зейінділікке , сөйлеуге , балалар әдебиетіне қызықтыруға бағыттау . « Шығармашылық » білім беру саласы: баланың шығармашылық ойлау мәдениетінің негізі ретінде оның сезімдік – эмоциялық саласы мен қиялын дамыту .  
« Шығармашылық » білім беру саласы сурет салу , мүсіндеу , жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсінуді дамыту , қоршаған ортага эстетикалық катынасты қалыптастыруды ; өнер түрлері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру ; музыканы , отандық композиторлардың шығармаларын , ұлттық аспаптарды , балалардың өзіндік шығармашылық қызметтің іске асырылды. барлық топтардың базалық оқу бағдарламасын менгеру мониторингінің қорытындысын айтты. Топтардағы қорытынды мониторингі 2021-2022 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша қорытынды талдау жасады. Барлық топтар бойынша I -денгейде 39 бала. Яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 19%, II -денгейде 113 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 57%; III -денгейде 48 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 24% құрап отыр. Бұл дегеніміз аралық мониторинг нәтижелеріне қарағанда қорытынды да балалардың жоғары деңгей үлесі көтерілген.

3. Ушінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі П. Жұніс балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырып, бекітті. Биылғы жаз кезінде аудан көлемінде «Бақытты балалық шак, бұл мен және сен» семинар өтетінін айтты. Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілеттілігін дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шындауға бағытталған апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаста алады. Балабақшадағы тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті етуі көбінесе оку-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталады. Сауықтыру жұмыстарын жоспарлау кезінде мен әдіскер ретінде келесі қағидаларды ұстануды жөн санаймын: профилактикалық, шынықтыру және сауықтыру технологияларын кешенді пайдалану, шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын үздіксіз жүргізу; қарапайым және қол жетімді технологияларды қолдану.

### Жиналыс қаулы етеді:

1. Оқу жылында орындалған тәрбиешілердің есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. 2021-2022 оку жылдарын қорытындысы бойынша оку тәрбие жұмысы жақсы, жұмыс жүргізу талаптары одан ары жалғасын тапсын.

3. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін, жұмыстар сол бағытта ұйымдастырылсын, қадағалау балабақша әдіскері Н. Тожиева мен медбике Н. Егізбаеваға жүктелсін.

«Бұлдіршін» 6/б менгерушісі:  
Хатшы:

П. Жұніс  
Н. Абу

